

Рухани жаңғыру – тарихи сананы жаңғырту



Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ жанындағы «Рухани жаңғыру» кеңсесі осындай атаумен дөңгелек үстел өткізді.

Басқосұға қаламыздағы орта білім беретін оқу орындары мен мектептердің өлкетану жұмыстарын жүргізіп жүрген ұстаздары және осы салаға қызығушылығы бар шәкірттері қатысты. Жиын басында Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректоры, география ғылымдарының докторы Сейітбек Бекенұлы сөз алып, іс – шараның маңыздылығына тоқталып, рухани жаңғыру жолында жасалып жатқан жұмыстарға сәттілік тіледі.

А. Құнанбаев атындағы №6 мектеп пен институттың тарих кафедрасы арасында рухани жаңғыру саласында бірлесе жұмыс атқару ісі жолға қойылған. Дөңгелек үстелде сол жұмыстар көрсеткіші сөз етіліп, аталған мектептің тарихшысы Кәмшат Рақымжанқызы «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында баяндама жасады.

Торғай өңірі – тарихқа бай өлке. Өлкеміз әлі талай кереметті ішіне бүгіп жатқаны анық. Осындай мәлім де, беймәлім тарихи орындарды өске-лең ұрпаққа насихаттауда «Жас – Ұлан» БЖО елеулі жұмыс атқарып келеді. Осындай шаралар

жайлы «Жас – Ұлан» БЖО-ның маманы Әсел Дәуренқызы дөңгелек үстел барысында ақпарат берді.

Қаламыздағы қара шаңырақ оқу ордасы – институтымыз өлкетану ісімен кәсіби түрде айналысып келеді. Тарих кафедрасының

аға оқытушысы Баубек ЕЛЕУСІЗОВ мәлім еткендей, олар Астанадағы Ұлттық мұражай ғалымдарымен тығыз қарым – қатынас орнатқан. Екі тарап бірігіп, өткен жылы қойнауы тарихқа толы – Қараторғай жеріне ғылыми – зерттеу экспедициясын ұйымдастырып, оған институттың тарих кафедрасының студенттері де қатысыпты. Мұндай іс – шараларға болашақ тарихшыларды қатыстыру өз кезегінде болашақ тарихшыларды кәсіби тұрғыда шыңдап қана қоймай, олардың өз ісіне деген қызығушылығын да арттырары сөзсіз. Институт тарапынан бұл саладағы жұмыстар алдағы уақытта да жоспарлы түрде жүзеге аспақ.

Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректорының кеңесшісі – «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Сабыржан Нұрсалиұлы мәлім еткендей, бұл кеңсе аталған бағытта қандай да бір шара өткізем деген қай мекемеге болмасын есігін айқара ашып, бірлесе жұмыс жасауға әзір.

Айта кетейік, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі өңірімізде біреу ғана. Институттан бөлек, мұндай орталық облыс орталығында ғана жұмыс жасап тұр. Сондықтан, аталған кеңсенің қала аймағында кейінгі ұрпақты рухани салада тәрбиелеуге қосар үлесі де зор болмақ.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ